

A decorative border of small red hearts surrounds the entire page.

**8-наурыз
«Халықаралық
әйелдер»мерекесіне
орай өткізілетін
ертеңгіліктің
жоспары**

2024ж



«Бектемин»
Балабағын меңгерушісі:
С. Мухашова

**8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне арналған
«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!» тақырыбында іс-шара
жоспары**

P/c	Іс-шара тақырыбы	Топ атауы	Жауапты мамандар	Күні	Уақыты
1	«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!»	1.«Айгөлек» кіші тобы	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшілері	04.03.2024ж	09:30
		2.«Ақбота» кіші тобы			10:30
		3.«Жауқазын» кіші тобы			11:30
2		4.«Балапан» кіші тобы	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшілері	05.03.2024ж	09:30
		5.«Ертөстік» ортаңғы тобы			10:30
		6.«Балдырған» ортаңғы тобы			11:30
3		7.«Еркетай» ортаңғы тобы	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшілері	06.03.2024ж	09:30
		8.«Балауса» ортаңғы тобы			10:30
		9.«Балбөбек» ересек тобы			11:30
4		10.«Күлагер» ересек тобы	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшілері	07.03.2024ж	09:30
		11.«Кұлыншақ» МАД тобы			10:30
		12.«Қарлығаш» ересек тобы			15:00

Ұйымдастырушы педагог:

Ә.Өтепберген



№1 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!

(8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған ертеңгілік)

№1 «Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілері: С.Маханбетова
Л.Жұман

Наурыз, 2024 жыл



№1 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А. Шуиншалиева

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!

(8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған ертеңгілік)

№1 «Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілері: С. Маханбетова
Л. Жұман

Наурыз, 2024 жыл

Міндеті: 8 Наурыз – Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгілігінде бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу, сұлулықты сезіне білуге, мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Әже: Бесікке салу рәсімі. Әлди-әлди көрініс. Бата беру.

Жүргізуші:

Аналарды сүйеміз!

Сөзін ойға түйеміз.

Әрқашан біз ардақтап,

Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар-

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті апа, аналар!

Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпыраған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!

Сіздерді көктемнің алғашқы айындағы 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар.

Би: «Гүлдер» биі

Билейтіндер: «Айгөлек» тобының биші қыздары

Жүргізуші:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын, -дей отырып балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар:

Муслима:

Мені өсірген апатай,

Еңбегінде зор екен.

Құтты болсын апатай,

Құтты болсын мерекең!

Еркеназ:

Өзің мені өсірген,

Айналайын ақ әжем.

Айкөркем:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.

Айсезім:

Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Айлин:

Анашым анам,
Ыстықсың маған.

Мерей:

Тәрбие бердің,
Көп алғыс саған.

Аяла:

Әлпештеген аялаған,
Ақ сүт берген апатайым.
Тақпақ айтып бүгін саған,
Мейрамыңмен құттықтаймын!

Ясмина:

Әжетай, әжетай,
Сізді жақсы көремін.

Айнамкөз:

Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекең!

Сайёра:

Аяулым менің анашым,
Өзіңсің маған жанашыр.

Жүргізуші:

Мерекеге арналады бүгін билер,
Көтерілсін канекей, көңіл күйлер
Алдарыңызға қазір ұлдар биі.
Қол соғып демеу берер көрермендер.

Би: «_____» биі

Билейтіндер: «Айгөлек» тобының сері жігіттері

Келесі кезекте ұлдарымыздың әже, аналарына арналған тақпақтарына
кезегімізді берейік.

Тақпақтар:

Әліби:

Бізді өсіріп баптаған,
Жақсы болсам шаттанған.

Әзиз:

«Алтыным» деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Әділ:

Тентек болсам кешірген,
Шөлдедің бе, дана әжем.

Димаш:

Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі.

Алап:

Анашым деп мақтанам,
Айналайын, ақ мамам!

Сұлтан:

Шай қайнатып берейін,
Шекер салып жан әжем.

Алихан.С

Көп ертегі, тақпақтар,
Сізге айтып беремін.

Алихан.Т.

Әлпештеген баласын,
Ана-бақыт, ана-Күн!

Айсұлтан:

Әркім сүйіп өзінің,
Мақтан етер анасын!

Мүсілім:

Анашым деп мақтанам,
Айналайын, ақ мамам!

І-жүргізуші: Аналар барлығымыз бірге боймызды сергітіп ойын ойнап алайық.

Ойын: «Түрлі-түсті шарлар»

Шарты: Шарды жарып ішіндегі сұрақтарға жауап беру.

Біздің келесі ойынымыз бар.

Ойын: «Орын тап» деп аталады.

Шарты: Көзімізді жұмып, көз құлақ, ауыз мүшелерін дәл тауып орналастыру.

Жүргізуші: Құрметті аналар көрдіңіздерме біздің балалардың барлығы өнерлі, әнші және биші!

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

Әже, аналарымыздың ақ тілегін тыңдау.

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз



№1 "Айгөлек"

кіші тобы

Тәрбиешілер:

С.Маханбетова

Л.Жұман

05.03.2024ж



№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚК

Бекітемін: 
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова.

Тексерілді: 
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

«Аю мен орман аңдары» (Мерекелік іс -шара)

№2 «Ақбота» кіші тобы
Тәрбиеші: Өтеген С. Аблаева В.

2024 ж

«Ақбота» кіші тобының 8-наурыз мерекесіне ертегі желісі
бойынша дайындаған іс-шара сценарийі
«Аю мен аңдар» ертегісі

Автор: Ерте –ерте ертеде орманда бір еріншек аю өмір сүріпті. Ол өзіннен
кіші аңдарды жұмсағанды жақсы көреді екен.

Бір күні аю орманда не істерін білмей жатқанда, қасынан өтіп бара жатқан
қояндарды көріп, ұстап алады.

Аю: Әй қояндар қайда барасыздар?

Аю: Әбден менің ішім пысты, менің көңілімді көтеріп бір би билеп
беріңдерші.

Автор: Аюдан қорыққан қояндар билеп береді. **Би: «Қояндар биі»**

Аю: Қане, кане тағыда секіріп биле.

Аю: Оданда маған ән салып беріңдер. Автор: Қорыққан қояндар ән салады.

Аю: Әңгімені қойыңдар. Менің қарным ашты. Оданда маған ботқа пісіріп
беріңдер. Мен ұйықтап алайын. Ұйқыдан оянганша пісіріп қойыңдар.

Аю: Ботқа да майда көп болсын.. Ұйқым келіп тұрғанай..

Аю: Мен біраз ұйықтап алайын. Әбден шаршап қалыппын. /Аю есінеп/

Қоян: /Айтжан/ Қандай тамақ пісірейік?

Аю: Көбірек жасандар. Бұратала тойып жейін.

Қоян: /Бағым/ Май қосайықпа?

Автор: Осы кезде қояндар қулық жасап, ботқаға тұз бен бұрышты аямай
қосып жібереді.

Аю: Менен бәрін сұрай бермендерші

Автор: қояндар ботқаны әзірлеп алдына әкеп береді.

Аю: дәмін көрейін десе қасығы кішкентай болады. Аю айқайлап қасық
жасатады.

Аю: үлкен қасықпен дәмін татып қалса тұзы ащы ботқаны көріп айқай
салады да қояндарды қуып жібереді.

Аю: басым, басым деп айқайлап жатады

Қасқыр келеді жүгіріп: Аю мырза қай жеріңіз ауырып жатыр

Аю: басым ауырып жатыр дәрігер шақырыңдар маған

Дәрігер Айболит келеді: қазір тыңдап көрейін

Дәрігер Айболит: қан қысымың көтеріліп кетіпті ,көөөп ашулана бермеңіз ,салқында тиіпті далаға көөөп шыға бермеңіз.

Тышқан су әкеліп берші дәрі ішкізейік.

Аю: Ищаа,ищаа тоңдым көрпе әкеліндер

Сиыр, Жолбарыс, Түлкілер көрпе әкеліп жабады , ол көрпе кішкентай болып шығады,

Аю: үлкен жамылғы әкеліндер деп айқайлайды.

Автор: ашуға булыққан Аю Әтешпен Тышқанға тиіседі

Аю: маған жидек теріп әкеп беріндер дейді, шелекті Әтеш пен тышқанға қарай лақтырып жібереді

Әтешпен Тышқан Аюға жидек теріп әкеп береді.

Аю: жидегін жеп жатқан кезде аюдың балалары келеді : «Анашым бүгінгі аналар мерекесі құтты болсын»

Би: «Аюлар биі»

Автор : Аю болса көңілі босап жылап қоя бередіде балаларын сипап мандайынан сүйеді

Автор: Аю ормандағы барлық достарын жинап алып кешірім сұрайды да **хормен : «Ана деп ән салам » әнін орындайды.**

Автор: Осыдан кейін аю аңдарға қысым жасауды қояды. Бәрін өзі жасайды.Ботқада пісіреді,жидектіде өзі тереді.Бұдан былай бәрі орманда дос болып қалады.

Осымен бүгінгі «Ақбота » кіші тобының аналар мерекесіне арналған мерекелік іс-шарамыз аяқталды.



Ақбота» кіші тобы 04.03.2024ж. «Аю және ормандағы аңдар»

«Аулы әже, ардақты ана, ару қыз» 8-наурыз мерекесі.





№ 11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
С. Мұдипова

«Тексерілді»

Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

«Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз!»

(кіші тобындағы 8 – наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік)

№ 3 «Жауқазын» кіші тобы
Тәрбиешілері: Көшербаева А
Өткелбай К

2024 жыл

Жүргізуші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ата-аналар, әжелер, апайлар, бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8- Наурыз Халықаралық аналар мерекесі құтты болсын! «Жауқазын» кіші тобының «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!» атты ертегі желісімен өткізілетін, мерекелік ертеңгілігімізді ашу үшін балабақшамыздың меңгерушісі: Сәуле Мырзабайқызына сөз кезегін береміз!

Жүргізуші: Рақмет, жылы лебіңізге!

(Әуенмен Көктем кіреді)

Есік қағылып көк көйлек киген Ару көктем кіріп келеді.

Ару көктем: Ару көктем сөйлейді.

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Міне келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нөсерімен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүрді,

Жапырағын жасыл түске боятып.

Қандай әдемі болып, құлпырып кеткенсіңдер балалар!

Ару көктем: Барша аяулы аналар, мейірімді әжелер, құрметті балабақша ұжымындаға нәзік жандылар мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші. Амансың ба, Ару көктем? Ұлан – байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағынды шаттандырып, нұрынды мол төге бер.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Жүргізуші: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз. Мерекені бізбен бірге қарсы алыңыз!

(Әуенмен Қызыл телпек кіреді)

Қызыл телпек: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатырмын. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келдім.

Жүргізуші: Балалар, Қызыл телпек өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келген екен.

(Әуенмен Қасқыр келеді)

Қасқыр: Мен Қызыл телпекті іздеп жүрмін. Иісінен сезіп тұрмын, ол осында. Әлде келіп кетті ме екен? Мен оны ұстап алуым керек. Қайда? Қайда?

Қызыл телпек: Құтқарындар мені!

Жүргізуші: Біздің өнерлі қыздарымыздың «Қызыл телпек» биін тамашалаңыздар!

Би: «Қызыл телпек» биі

Билейтіндер: Зере,Ә.Кәусар,Ж.Айзере,Ж.Кәусар,Ә.Асылым,Сезім

(Қасқыр таңданып басын шайқайды, оқып отырып тұрады. Аңдып жүріп би бітісімен Қызыл телпектің қасына жетіп келеді)

Қасқыр: А, міне , өзіңе жеттім бе? Менің қарным ашып тұр, мен сені жеймін!

Қызыл телпек: Қасқыр! Қасқыр! Үлкен мереке өтіп жатыр. Балалардың өнерін тамашалайық! Олар аналарына арнап әнмен, би билеп,тақпақ айтады. Мен де әжемді құттықтауым керек.

Қасқыр: Егер балалардың өнері маған ұнаса, мен саған тимеймін!

Жүргізуші: Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті абзал аналар, - дей келе балаларымыздың сіздерге арналған тақпақтарын тыңдайық.

Зере: Анашымды ардақтап

Басымды оған иемін

Ә.Кәусар: Еңбегінді ақтаймын

Аман болшы анашым

Ж.Айзере: Менің әжем,гүл әжем
Алтын әжем,күн әжем

Ж.Кәусар: Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Ә.Асылым: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз

Сезім: Ана деген керемет
Сыйлап өтем өмірде.

Қасқыр: Жарайсыңдар,балалар!

Жүргізуші: Болсын дейді балалар
Бакытты өмір, береке
Әжелер мен аналар
Құтты болсын мереке, - деп біздің ұлдарымыздың сіздерге арнаған
«Ормандағы аңдар» биін тамашалаңыздар!

Би: «Ормандағы аңдар» биі

Билейтіндер: Темірлан,Б.Мансұр,Марлен,Заңғар,Медет,
Нарұл,Айтөре,Ислам,Нұртөре,Абдурахим.

(Балалардың тақпағы)

Темірлан: Аман болшы ардақты анам
Мен әрқашан қасыңдамын.

Б.Мансұр: Менің әжем бұл әжем
Айтқан сөзі дәл әжем

Марлен: Еркелеттің асырадың
Мойыныңа асыламын

Заңғар: Аялаған анашым
Мәпелеген анашым

Медет: Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам

Нарұл: Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекең

Айтөре: Көктем келді шуақты,
Балаларды қуантты.

Ислам: Анамды мен жақсы көрем,
Айтқан тілін алып жүрем.

Нұртөре: Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек

Абдурахим: Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Жүргізуші: Көктем,қасқыр,қызыл телпек сіздерге біздің балалардың
өнерлері ұнап жатырма?

Көктем: Иә мен де сендерді құттықтауға өзімнің әсем гүлдерімді жинап
келдім. Қане менің гүлдерім мерекелік тартуымды қабыл алыңдар!
(гүлдерді таратып береді).

Би: «Гүл – көбелек биі»

Билейтіндер: Томирис,Айя,Бегімай,Е.Медина,Айым,Е.Асылым

(Балалардың тақпағы)

Томирис: Ақ анашым аппағым
Өзің жайлы тақпағым

Айя: Алтын ойлы анам
Мерекеңіз бүгін

Бегімай: Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді.

Е.Медина: Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

Айым: Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған

Е.Асылым: Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам

Жүргізуші: Жарайсыңдар,балалар!

Көктем: Балалар , сендер қандай өнерлісіңдер! Мен сендерге ризамын!

Жүргізуші: Ендеше,балалар аналарымызға арнап барлығымыз бірге әнімізді айтайық.

Хор: «Ана деп ән саламын!»

Жүргізуші: Сіздерге біздің балалардың өнері ұнап жатырма?
Енді ата – анамен ойындар ойнап жіберейік.

Ата - анамен ойын: «Көңілді шарлар»

Ойын шарты: Ата – аналар музыкамен шарды жару арқылы ішінде сұрақ жасырылған сол сұраққа жауап берулері керек.

Жүргізуші: Жарайсыздар,ата – аналар!

Қасқыр: Ой, балалар, сендердің өнерлерін маған ұнады, көп рахмет сендерге. Жүр Қызыл телпек әжеңді бірге барып құттықтайық.
Сау болыңдар балалар!

Балалар: Сау болыңыздар!

Ата –аналардың жылы лебіздері.

Жүргізуші: Балалардың аналарына деген сыйлықтарын қабыл алыңыздар!

(балалар аналарына сыйлықтарын береді)

Жүргізуші: Балалар сендерге көктем әдемі сыйлықтар әкеліпті.Сыйлықтарды қабыл алыңыздар!

(Сыйлықтарын беру)

Жүргізуші: Құрметті аналар мен әжелер! Сіздерді «Жауқазын » кіші тобының бүлдіршіндері атынан шын жүректен құттықтаймыз. Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз әрқашан аман болсын! Осымен бүгінгі мерекеміз аяқталды.Қош сау болыңыздар!





№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Тексерілді:
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева А.Шуиншалиева

*8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған ертеңгілік*

**Аяулы әже, ардақты ана,
ару қыз!**

(«Алтын балық» ертегісінің желісімен)

№4 «Балапан» кіші тобы

Тәрбиешілері: М.Кемалова
Ә.Сарбалаева

2024 жыл

Ертеңгілік

«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!»

(«Алтын балық» ертегісінің желісімен)

Әсем безендірілген зал.

Үйшік жанында шал мен кемпір өз шаруаларымен айналысып жүреді.

Шал:

- Әй кемпір-ау, мен көлге барып, кеше салып қойған ауымды қарап келейін. Сенің 8-ші наурыз мерекене орай ауға біраз балық түскен шығар.

Кемпір:

- Жарайды, барып қарап келе бер, мен шай қоя берейін.

Шал көлге келіп, ауын қарай бастайды. Бір кезде аудан алтын балық шығады.

Шал қуанып кетіп:

- Ой ,қандай керемет! Мына балық менің кемпіріме ең жақсы сыйлық болып, кемпірім қуанып қалатын болды-ау, – деп алтын балықты алғалы жатқанда алтын балық:

- Ата, ататай! Мені босатыңызшы! Мен сіздің жеті тілегіңізді орындаймын!- дейді.

Шал кемпіріне келіп:

- Кемпір-ау, ауға алтын балық түсіпті, бірақ мен оны босатып жібердім-дейді.

Кемпір:

- Әй, шал-ау! Алтын балықты босатып жібергенің қалай?- деп ашулана бастайды.

Шал:

- Ол алтын балық біздің жеті тілегімізді орындамақшы. Қане, бірінші тілегіміз қандай болмақ?-дейді.

Кемпір:

- Олай болса, «Балапан» тобының балалары ана туралы бір әсем ән салып берсін-дейді.

Шал алтын балыққа келіп, бірінші тілегін айтады.

Хор. «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!»

2-ші тілек: «Көбелектер» биі.

3-ші тілек: Мерекелік тақпақтар.

- | | |
|---|----------|
| 1. Ана сен бақыттысың!
Гүлің боп өсіп келем. | Аруназ |
| 2. Бал бөбегін баптаған
Анам үшін мақтанам. | Муслим |
| 3. Менің анам ардақты
Алтыннан да салмақты. | Азиз |
| 4. Анашым жүрегім,
Өмірлік тірегім. | Әділет |
| 5. Менің анам сүйкімді,
Бәрінен де жақсы адам. | Айерке |
| 6. Анашым анам,
Ризамын саған. | Айбар |
| 7. Анашым!
Тіліңді алам
Ақылды болам. | Адия |
| 8. Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз. | Дидар |
| 9. Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз. | К.Медина |
| 10. Жақсы көріп баласын, | |

Мәпелейді анашым!	Мансур
11. Ана, ана, анасың! Әрқашан маған данасың!	Аиша
12. Ана-біздің күніміз, Ана-біздің гүліміз.	Кемел
13. Аналарды құрметтеп, Бас иеміз, бәріміз!	Нұриман
14. Бүкіл әлем тірегі «Ана» деген асыл жан.	Хантөре
15. Ақ бетіңнен сүйейін, Келші, келші, ақ мамам.	Алинұр
16. Әжем менің ардақты, Анам менің ақылды.	Айару
17. Біздің үйдің жылуы, Анамыздан тарайды.	Аяна
18. Жердегі бар тағамнан, Ана сүті нәрлі екен.	Амина
19. Бұл жалғанда анамнан Сүйікті адам бар ма екен.	Балназым
20. Жақсы көрем күлкіңді, Айналайын ақ мамам.	Көзайым
21. Менің анам сүйкімді Бәрінен де әдемі.	Ш. Медина
22. Ана-бақыт, Ана-шуақ мен үшін.	Ақбота
23. Анашым асыл жаным,	

Мәуелі жасыл бағым.

Айлин

4- тілек: «Кім еңті?» ойыны. (Балалармен)

5- тілек: «Джентльмендер» биі

6- тілек: «Аялы алақандар» ойыны (Аналар мен балалар)


7-ші тілек: «Гүлденген балабақша» Видеоролик

«Гүл сыйлаймыз анаға!»

Мерекелік ақ тілектер.

Аяқтау.

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз



"Балапан" кіші тобы
05.03.2024ж

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А. Шуйшалиева

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!

(8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған ертеңгілік)

«Ертестік» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: А. Ешмахан

Наурыз, 2024 жыл

«Аяұлы әже, ардақты ана, ару қыз!»

Зал мерекеге сай безендірілген. Залда әуен ойнайды, экраннан видео жүргізіледі.

Автор: Ерте, ерте, ертеде, ғажайып бір өлкеде, Ай десе аузы бар, Күн десе көзі бар кіп –кішкентай Гүлден атты бір сұлу болыпты. Ол өзінің гүлдерді жақсы көргені сонша, бала болсада жалқаулықты білмей көктем шыға сала бақшасына жылда гүл отырғызып баптап күтіп жайқалтып өсіреді екен. Бақшадағы жайқалған гүлдердің өсуіне үнемі кедергі келтіріп жүретін қара қарғаларда Гүлденнің гүлдерін өсірмеуге тырысып бағады екен. Міне күннің жылуын алып көктем мезгіліде жетті.

Гүлден: Алақай көктем мезгілі келді. Менің бақшам тағы гүлдерге толады.

Автор: Деп Гүлден қатты қуанып, жылдағы әдетімен көктем мезгілі шыға бақшасына әсем гүлдерін еге бастайды. Гүлден өте мейірімді қыз. Гүлденнің достары өте көп. Олар Гүлденнің мейірімділігіне, қамқорлығына риза болып үнемі көмекке келетін.

Би: «Гүл бағбандары»

Егілген гүлдерге күн сайын Гүлден өз достарымен су құйып, оларға күтім жасайды екен.

Би: «Су тасушы»

Бау-бақшадағы жайқалып өсіп келе жатқан гүлдерді көрген қарғалар, әдетінше сол бақшаға ұшып келіп жайқалған гүлдерге қонып жайпап кетеді.

Би: «Құстар»

Гүлден бақшасындағы жапырылып жатқан гүлдерін көріп қатты жылап отырғанда, Сыйқырлы әуен ойнап, Көктем ханшайымы келеді.

Көктем ханшайым: Сүйкімді сұлу сенің неге көңіл күйің жоқ?

Гүлден: -Менің анамның мерекесіне арнап еккен гүлдерімді жабайы қарғалар келіп жайпап өсірми тастады

Гүлден: -Сіз кім боласыз ?

Көктем ханшайым: -Мен көктем ханшайымы боламын. Сен еш көңіліңді түсірме .Сен анаңның мерекесіне арнап әдемі ән айтсаң анаң қатты қуанып қалары анық.

Гүлден: Бірақ мен анама гүлде сыйлағым келеді.

Көктем ханшайым: Сен анаңа арнап әніңді айтып болғанша мен гүлдеріңді өз сиқырыммен өсіріп берейін .

Гүлден: Рақмет саған сиқырлы көктем ханшайым.

Ән: «Ана деп ән салам»балалар оркестр сүйемелдеуімен.

Автор:Көктем ханшайымы балалардың аналарына арнаған әсем әнінен кейін гүлдерді жайқалтып өсіреді және қарғаларды бұдан кейін Гүлденнің бақшасына қайтып келмейтіндей етіп сиқырлап тастаған екен. /Видеоролик/

Би: «Гүл ғажайып дүние» зонт ақ и сары гүл

Автор: Осылайша сиқырлы көктем ханшайымы Гүлденнің еңбекқорлығына ,гүлге деген махаббатына тәнті болып өзінің әсем гүлдерін Гүлденге сыйға қалдырып кетіпті. Гүлден достарына аналарына сыйға тартуға әсем гүлдерімен бөліседі. /гүлді балалар аналарына сыйлайды./

Айнұр: «Қыз елдің көркі, гүл-жердің көркі» дегендей сұлулықты гүлге, гүлді қызыға теңегені бүкіл адамзаттың санасына сіңіп кеткен. Сондықтан гүлді сыйға алған ару өзін сұлу сезініп қуанады. Әрқашанда гүлдей жайнап жүрулеріңізге шын жүректен тілектестігімізді білдіреміз.

Осымен Ертөстік тобының ертегі желісін аяқтаймыз.Олай болса құрметті аналар сіздерді балаларыңызбен қызықты ойын алаңына шақырамын.

Ойын: «Ең жақсы жүректің иесі»

Шарты: Аналарға үйге берген тапсырма бойынша көз, ерін суретін салып балалардан беріп жіберу тапсырылған болатын. Қазір сіздерді экраннан бейнеролик көруге шақырамыз. Балалар өз қолдарымен жасаған жүректерді тамашалайсыздар және сіздердің жасап берген көз еріндерді , әр бала өз жүрекшелеріне жапстырған болатын. Енді сіздерге тапсырма алдарыңыздағы «Сіз жақсы көретін жүректің иесі» атты балаларыңыз өз қолдарымен жасаған жүректер орындықта жабыстырылған.әуенге билеп жүріп қатып қал сөзі естілгенде өздеріңіздің танып тұрған жүректеріңіздің

қасында жүректі ұстап алып қатып қалуларыңыз керек. Жүрегін тапқан ана орнына жайғасады ойын әрі қарай жалғасады.

Анам менің –аялаған ақ гүлім ,

Анам менің –бақытым мен шаттығым.

«Анашым» -деп балаң жырын арнаған ,

Анам менің- өмірдегі тірегім.

Анам менің –кеудемдегі жүрегім.

Егер менің қасымда сен болмасаң,

Бұл өмірде қалай ғана жүремін! -деп Ардақты аналарға арналған «Ертөстік» тобының өнерлерін тамашалағандарыңызға рақмет!



«Бекітемін»
«Балапан» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі
Мұхаметова С. Мұхаметова

«Келісемін»
«Балапан» бөбекжай
балабақшасының әдіскері
Шуиншалиева А. Шуиншалиева

Тақырыбы:
«Аяулы әже,ардақты ана,
ару қыз»
(Ертеңгілік)

Тәрбиеші: Амантайқызы Ф
Набиева А

Тақырыбы: «Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз»

Міндеті:

- мерекелік көңіл-күйін құру;
- ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
- өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Жүргізуші:

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған, аналардың ақ нұрынан жаралған» дей отырып қадырлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, мол бахыт тілейміз және кішкентай бүлдіршіндеріміздің дайындаған «Асыл ана, ақ жаулықты әже» атты ертеңгілікті мерекелік шашу етеміз.

Бүгін Наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әлемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

**Армысын әжелерім аналарым
Мейірбан аппақ көңіл даналарым
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен
Құттықтайды Сіздерді балаларын**

Музыка әуенімен, қолдарына жүрек ұстап балалар әуен залына кіреді.

Би: _____

Би биткен соң балалар жүректерін аналарына, әжелеріне тарту етеді, орындарына отырады,

Жүргізуші:

- Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар:

- Аяулы анамыз!

Жүргізуші:

- Балалар, айтыңдаршы.
Бізді жақсы көретін,
Бар жақсыны беретін.
Баласы үшін әрдайым,
Мейірімін төгетін

- Ол кім?

Балалар:

- Анашым!

Жүргізуші:

**Жүрегіме жыр шашып,
Нұр төгетін Сіз екен.
Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекен!**

Жүргізуші:

- Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен? (Әуенмен залға Көктем аруы кіреді)

Көктем: Сәлеметсіз бе, қонақтар! Айнала қандай тамаша! Балалар бүгін бәрің әдемі киініп алыпсыңдар ғой. Міне мен сендерге асыға жеттім келе жатқан көктем мерекелерін құтты болсын.

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залда.

Көктеммін мен
Мерекемен құттықтағым келеді.
Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

Жүргізуші:

- Сәлеметсін бе, Көктем! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған! Төрлет, ән тыңдап демінді ал.

Ана деген өмірдегі ұлы есім,
Бақ тілесе анадай – ақ тілесін.
Ана деген ардақты ат, сен оны,
Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

- Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған биін тарту етеді.

Би: Сұлу қыздарымыз

Жүргізуші:

Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар- дей отырып балалардың аналарына арналған тақпақтарына кезек берейік

Жүргізуші:

Тек қана Сіздер үшін **Би: Балдырған тобының жігіттері**

Көктем: -Жарайсыңдар балалар! Тақпақты да, әндіде жақсы айтасыңдар, би де әдемі биледіңдер. Мен сіздермен би ойын алып келдім.

Балалармен ойын «Сыйлайыншы гүлімді!»

Жүргізуші:

Мекерекеге келді бүгін әжелер
Әжелерге әнде айтып беріндер.

Аналармен ойын «Жауабын айтып дәмін тат»

Жүргізуші:

- Біздің аналарымыз керемет жандар ғой. Бір жағынан кір жуып қояды, бір жағынан, сабақ оқытып, балалар бірдене бұлдіріп қоймасын деп қарап жүреді, үйде барлығына да үлгереді.

Ендеше кезекті биге берейік _____

Көктем:

- Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласындар. Көріскенше сау болындар балалар. Музыка ойналып, Көктем залдан шығып кетеді. Тәрбиеші: Осымен бүгінгі «Аялаған анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі ертеңгілікте кездескенше қош сау болындар.

Жүргізуші:

- Ал біздің балалар аналарына, әжелеріне ариап сыйлықтар дайындады. Кәне балалар сыйлықтарыңды табыстандар.

(Балалар сыйлықтарын үлестіреді)

- **Жүргізуші:** Осымен біздің Ортаңғы «Балдырған» тобының «Асыл ана, ақ жаулықты әже» атты ертеңгілігі аяқталды,

Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!

**«Балдырған» ортаңғы тобы
«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз»**



№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Келісемін:

әдіскер

А. Шуншалиева

Тақырыбы: «Аяулы әже.ардақты ана,ару қыз» ертеңгілігі

«Балбөбек» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиешілер : Исатаева Ж Махамбетова Ж

№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Келісемін:

әдіскер

А. Шуншалиева

Тақырыбы: «Аяулы әже.ардақты ана,ару қыз» ертеңгілігі

«Балбөбек» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиешілер : Исатаева Ж Махамбетова Ж

Тақырыбы; «Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз»

Міндеті:Мерекелік көңіл-күй сыйлау,үлкендерді сыйлап құрметтеу сезімдерін қалыптастыру

«Періштелердің әңгімесі» Көрніс

Орындайтындар: Айша,Кәусар,София,Дидар

Балалар залға кезекпімен шығып жарты шеңбер болып тұрады

Хор: «Ана деп ән салам» топ балалары орындайды

Жүргізуші;Құрметті қонақтар бүгінгі «Балбөбек» тобының «Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз»тақырыбындағы ертеңгілікке хош келдіңіздер

«Балбөбек» тобының мерекелік ертеңгілігін тамашалаңыздар

Бала-н сестеріне Сәуле ең балбөбек мерекесін орындайды
«Анамызбен би» вальс

Орындайтындар :Нұрдаулет- Анасы Алтын

Әмір – Анасы Кенжегүл

Абдул-Ислам- анасы Сая

Ханкелді- анасы Әсем

Мансұр Ә- анасы Шәкизада

Мансұр-анасы-анасы Нұрайым

Арсен-анасы- анасы Әсел

Әлиқожа-анасы Гүлмира

Әбілхан –анасы Гүлзат

Жеке ән ; «Көктем келді» Мырзамұрат София

«Әкелермен би» Кәусар – әкесі Ануарбек

Айгерім – әкесі Әділбек

Әсем- әкесі Бауыржан

Аяла –әкесі *Ғамал*

Альбина- әкесі Бағдат

Тақпақтар

Әжем менің ақ әжем
Ақыл беріп үйреткен
Аппақ әжем пәк әжем
Мейіріммен тербеткен
Аман болсын басыңыз
Ағармасын шашыңыз
Шөбере сүйіп әлі де
Жүзге жетсін жасыңыз

Жомарт

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Ақсұңқар

Бесіктерін әнімен
Тербетуде аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде аналар.

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші науырызың!
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың,
Тілейді бақыт бір саған
Әлпештеген ұл - қызың.

Димаш Қ

Ана пана,
Ана дана. **Мансұр Н**
Өмірді әкелетін,
Ана ғана!!!

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған, **Әлиқожа**
Анашым деп мақтанам,
айналайын ақ анам!

Анамыздың мейірлі
Жүзіне біз қараймыз. **Әлинұр**
Анамызды пейілді
Жомарт жанға балаймын

Ақ қабақты анашым,
күн сәулелі анашым. **Ханкелді**
Әлпештеген баласын,
айналайын анашым,

Еркелеткен біз үшін,
Еңбек еткен біз үшін. **Дидар**
Еркелеткен біздерді,
Еркіндеткен біздерді
Анамызға мың алғыс
Адал бол деп балдырған
Әділдікке баулыған
Жүрегінде мархабат
Анамызға мың алғыс

Балалардың панасы
Әкемнің де анасы **Әмір**
Әже деген әлемде
Даналардың данасы

Мансұр Ә

Ақ сүт берген балаңа
Бұл өмірде жан ана

Арсен

Әжем менің асылым
Ертегімен тербеткен
Қиындыққа қарамай
Жанымызды емдейтін

Бүгін Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың егізі.
Әдемі сөз анамның,
Анаға айтар лебізі.
Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағыңда қысылмай

Димаш О

Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

Абдул -Ислам

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Әбілхан

Би: «Грузин әніне» Орындайтындар:
Эсманұр,Кәусар,Айша,София,Гүлназым,Альбина

Аналармен ойын; «Анамызды танимыз»

Шарты; 5 ананы орындыққа отырғызу, 1 баланы шығарып көзін байлап өз анасын сипап-сезу арқылы тану ,ойын балаларды кезектестірумен жалғасады

Жеке ән; Қуанышұлы Дидар «Болашақ бомба»

Тақпақтар

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым

София

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам.

Рауза

Ардақты ана – аяулы ана қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.
Өміріме нәрін бердің ақ сүттің,
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.

Кәусар

Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе.
Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

Әсем

Той пердесін ашайық
Тойға шашу шашайық
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын ашайық.

Жанерке

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімін таусылмас
Күн нұрына теңедім.

Әсманұр

Әжем барда бар әлем

Құлпырады жайнайды Гүлназым

Есік алды бақтарда

Бұлбұл құсы сайрайды

Ойлап жүрер біздерді Альбина

Амандықта болсын деп

Әжетайым болшы аман

Әр уақытта күлімдеп

Маған ақыл беретін Айша

Әжем менің асыл жан

Сипап жақсы көретін

Құлыным деп басымнан

Аяла

Менің әжем, гүл әжем

Алтын әжем, күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем.

Айгерім

Менің әжем бұл әжем

Айтқан сөзі дәл әжем

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әжем

Би «Құдаша қыз»

Орындайтындар: Жомарт- Кәусар

Аксұңқар- Альбина

Димаш Қ- София

Дидар –Айша

Алинұр- Айгерім

Би; «Көктем»

Орындайтындар: Әсем

Аяла

Жанерке

Рауза

Хор; « Әжетайым» Орындайтын «Балбөбек» тобының балалары

Әжелерге тілек беру

Жүргізуші: Бүгінгі«Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз» тақырыбындағы ертеңгілігіміз аяқталды .Сау-саламат болыңыздар



«Алтын балалар» балалар үйі

балаларға баулушы
С. Мухомова

Балаларға баулушы:

А. Шуннишалиева

«Аяулы әже ,ардақты ана ,ару қыз ! »

(8- наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік)

«Құлыншақ » тобы

Тәрбиеші : К. Кунишова

Л.Бердіжарова

«Аяулы әже ,ардақты ана ,ару қыз ! »

Міндетті : Мерекені атап өту арқылы белсенді іс- әрекеттерін қалыптастыру ,көңіл –күйлерін көтеру . Шығармашыл ,белсенді тұлғаны қалыптастыру . Аналарын , достарын құрметтей білуге тәрбиелеу .

Зал мерекеге сай безендірілген . Фонда Ана туралы ән ойналып тұрады
Экранан ана бесік тербетіп отырған видео керек .

Айзере : Ана туралы (Монолог)

Ана шырақ ұрпағымен жағылған
Өз анасын бар періште сағынған
Құдіретін сезінгендер бас иіп ,
Ана деген үш әріпке бағынған
Аман болса ана деген ардағым
Күндей болып нұрланады жан – жағын
Қуанышпен бар қайғысын өмірдің
Ана ғана көтереді салмағын ,
Ана деген жылағанда жұбатқан
Ана мөлдір жаралғандай бұлақтан
Қорған болып аймаласа баласын
Тәңірінен амандығын сұртқан .
Ана деген түн ұйқысын төрт бөлген
Ана ғана өткізеді өткелден ,
Ұзақ өмір жасай берсін аналар !
Аналарын қадірлесін балалар
Шаңыраққа шаттық нұрын сыйлаған
Аман болсын ақ жаулықты аналар !
Ай- Ару :
Ана десем алғыс алам халқымнан

Ана десем теңіз болып шалқыған

Ана десем ашылады қабағым

Ана десе әділдікті ұғынам

Біз ғана емес ,

Қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі

Құтты болсын мерекеңіз аналар !

Екіуі айтып болып шығып кетеді

Ән «Қыздар қыздар сұлу қыздар әнімен »

Осыдан кейін кіру барлық бала бірге кіреді Ұлдар гүл ұстап тұрады
,қыздар қызыл матамен кіреді

Бәрі кіріп тұрғанан кейін , жүргізушілер шығады .

Осы жерде музыка қосылу керек

Ару мен Мырзатай

Ару : - Ал , Мырзатай бүгін біздің мерекеміз гой. Сен не айтар едің ?

Мырзатай : Женге , мама , тәтені

Қарындаспен әпкені

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті аналар !

Ару : Жанымызды жайнатқан

Сіздерсізгой аналар

Зор денсаулық , мол байлық

Тілейміз ,біз - балалар !

Мырзатай : Сенен өскен балалар

Сенен өскен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті аналар !-дей отырып , бүгінгі балалық жүрегімізбен орындалатын барлық ән- биіміз сіздерге арналады .

Ару :

-Құрметті Сәуле апай ! Бүгігі төл мерекеңіз құтты болсын ! Біздің әдемі аналарымызға , сұлу қыздарымызға қандай тілек айтар едіңіз?(Апай сөйлейді

Хор « Әдемі Ана » Ару :

- Мырзатай , « күннің шуағы жылы ,ананың құшағы жылы »

Демекші ақ сүтін беріп, түн ұйқысын төрт бөлген аналарына біздің достарымыз не айтар екен ?

Мырзатай : Ару ендеше достарымызды тыңдап көрейікші .

Ару : Анам менің !

Мейірімің маған деген

Қуанышқа бөленген ем

Ешбір жаннан сезілмейтін

Жылылықты сенен сезем деп келесі кезекте әдемі тақпақтарға береміз

Фараби

Өшпейтұғын атың мәңгі

Жүрегімде атың қалды

Бұл дүниеде таба алмаспын

Жаны сенен жақын жанды

Тарғын

Еркелеймін шаттанам

Жарқын күлкің бақ маған

Ақ бетіңнен сүйейін

Келші ,келші ақ мамам

Айшабибі

Аяздардан алып өткен

Кім бар сендей жаны көктем

Шуақ шашып отырасың
Келген кезде сағынып мен

Нарұл

Атың әсем Ана деген и
Бас иеді саған әлем
Тамырыңды иітетін
Сәбиің боп қала берем !

Дәулет

Сыйлаған маған өмірді
Анашым менің аялы
Жүрегі жұмсақ көңілі
Күн шуақты саялы

Танакөз

Мейірлі анам күн нұрлы
Шапағы мол шашылған
Сіз өмірдің бұлбұлы
Гүлің менмін ашылған

Алуа

Асыға күтіп жүргенмін
Болар деп қашан мейрамың
Суретің салдым гүлдердің
Келеді соны сыйлағым

Еңлік

Мейірің мол-ақ бір маған
Ер жетер әлі ақ балғының
Өзірше сыйға арнаған
Гүліңнің апа ,ал гүлін !

Бексұлтан

Менің анам –ардақты
Алтын нұрдай салмақты
Жақсы көріп баласын
Мәпелейді анашым

Мағжан

Жақсылыққа шақырып
Жамандықтан тияды
Мейіріммен тәрбиелеп
Иман нұрын құяды

Раяна

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әженіде ардақтап
Әдеппен бас иеміз

Рамазан :

Мейірімді сымбатты
Қадірменді қымбатты
Ең жақын жан балаға
Кім десеңдер ол Ана

Ендеше бәріміз « Үш дос » ертегісін қарсы алыңыздар !

Адият - Ерте ,ерте ертеде Қоян , Доңыз , Мысық үшеуі дос болыпты . Күндердің күнінде үшеуі ойласа келе ата -аналарынан бөлек ,орманда өмір сүргілері келіпті
Бексұлтан Қоян : Достар біз болсақ қазір үлкен болдық , есейдік , біз ата аналарымыздан бөлек орманда, өмір сүрік сендер оған қалай қарайсыңдар
Дәулет Доңыз : әрине дұрыс мен бұған келісемін

Нұрмұхаммед **Мысық** : мияу ,мияу әрине дұрыс шешім

Адият

...жолда келіп жатқан келе жатқанда жолдың жиегінде тұрған үйшікке кездеседі
үйшіктің ішіне кіріп сонда жайғасады.

Түн болады айнала қараңғылана бастайды , қасқырлардың ұлыған дауыстары
естіле бастайды.

(Қасқырдың ұлыған даусы)

Алият Үшеуі қорқып біріне бірі тығылады , қалшылдап қорқа бастайды

Мысық : - Мияу , мияу қандай қорқынышты

Доңыз : - Арман ай осы кезде қасымда анаммен әкем болсағой

Қоян : мен қорқамын

Осылай қорқып отырғанда үшеуі ұйықтап қалады

Балалар оларға көмектесеміз бе ? Қоян , Мысық , Доңызды ортамызға мына
сиқырлы таяқшаның көмегімен алдырамыз ба?

Осы жерде музыка керек

Мырзатай : Не деген әсерлі сөздер ,Әсерлі сөзден кейін,Ән айтсақ жарасымды
емеспе

Ару : Олай болса тобымыздың бүлдіршіндерін До-Ре –Ми әнімен қарсы
алыңыздар

Мырзатай : Ару , Ана туралы керемет әндер, қандай көп десенші Әли
досымыз әсем әнің анасына арнап айтқысы келеді Ән « Анажаным »

Ару : «Көңілді би » біздің топтың қыздарынан құрылған бишілерді ортаға
шақырамыз **барлық қыздар**

Ару : - Мырзатай сен білесің бе ? Біздің аяулы аналарымыздың аналары
болады екен .

Мырзатай : Әрине ол біздің ақжаулықты әжелеріміз ғой

Ару : Мырзатай , сен қалай ойлайсың бізде неше әже болады ?

Мырзатай : Әрине, білемін , екі әже болады , туған әжеміз және нағашы
әжеміз .

Ару : Олай болса , айдай әжелерімізге арналған достарымыздың жылы
лебіздерін тыңдап көрейікші .

Аяулым :

Шашымды өріп тараған

Қабағыма қараған

Үлкен кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам

Құртпен сайын жемеген

Балаларға сыйлаған

Бұл әжемнің өмірі

Таусылмайтын жыр меген

Ибрахим

Жақсылыққа үйретіп

Жамандықтан шектейді

Ертегі айтып беретін

Әжеме ешкім жетпейді

Райсхан

Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кешірген

Ауырмашы , ай әжем

Нұрмұхаммед

Маған ақыл беретін

Әжем менің асыл жан

Сипап жақсы көретін

« Құлыным »деп басымнан

Айсұлтан

Сөзімді дұрыстайтын әже

Айқайлап ұрыспайтын әже

Қыдырса ерте келетін әже

Ылғида еркелететін әже

Ару : тобымыздың сұлу қыздарының орындауында әсем ән

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз



№12 "Құлыншақ"
МАД тобы

07.03.2024ж

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А.Шуиншалиева

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!

(8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған ертеңгілік)

№11 «Еркетай» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Ө.Хандәулетова

К.Исаева

Наурыз, 2024 жыл

Зал іші мерекеге сай безендірілген.

Музыка әуенімен балалар қол ұстасып, әуен залына кіреді.

Жүргізуші: «Бар жақсылық, күллі әлемге тараған, аналардың ақ нұрынан жаралған» дей отырып қадірлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз және кішкентай бүлдіршіндеріміздің мерекелік шашуларын тарту етеміз.

Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған «Еркетай» тобының бүлдіршіндерінің дайындаған «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!» - атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Біздің халық өнерпазға бай тегі,
Әнші деп те, күйші деп те айт оны.
Күлімдеген көктем жайлы,
Жақсылып бір, ән шырқасақ қайтеді.

Хор ән: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші:

Жарайсындар, Армысың ақжаулықты әжелерім,
Ақылы дариядай кемеңгерім.
Ардақты аналардың мейрамында,
Арнайды бүлдіршіндер өлеңдерін.
кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік.

Тақпақтар:

Жүргізуші: Олай болса көктем ханшайымын ортаға шақырайық.

Көктем ханшайымы: Сәлем, сәлем балақайлар,

Құрметті аналар, әжелер,

Қуанындар алақайлап.

Құстар әнін ала келдім,

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

Жүргізуші: Амансызба, Ару көктем! Ұлан- байтақ жерімізге қош келдіңіз.

Шуағынды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер.

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар, мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Кең даламды хош иісі мен, сұлулығымен жайнатқат менің әсем гүлдерім мен аналарымызға қуаныш сыйлап, би билеп берейік.

БИ: «Қуыршақтар» биі.

Билейтіндер: «Еркетай» тобының сұлу қыздары

Жүргізуші: Жарайсындар балалар. Көктем ханшайымы бізбен бірге болыңыз. Біздің балаларымыздың көптеген өнерлерін тамашаланыз.

Жүргізуші: Құрметті аналар сіздермен ойын арқылы мен шапшаңдықтарыңызды тексеріп көрейік. Дайынсыздар ма?

Ойын: «Пирамида құрастырайық»

Шарты: Ортаға екі ата-анадан шығады. Және екі ата-анаға екі шар беріліп, шарды ұшыру арқылы пирамиданы құрастырады.

Жүргізуші: Кезесі кезекті тобымыздың ару, сұлу қызы Айбибі аруымыздың әжеге арналған әнімен ортаға шақырайық.

ӘН: «Әже»

Орындайтын:

Жүргізуші: Жарайсың Айбибі. Олай болса тобымыздың сері, батыр жігіттеріміздің биіне кезек берсек.

Би: «Қызыл Раушан»

Билейтіндер: Сырым, Муслим, Даниал, Әбілмансұр, Димаш, Мансур, Айбат, Нұрәли.

Жүргізуші: Көктем ханшайымы, құрметті әже, аналарымыз келесі кезекте біздің тобымыздың ұл-қыздарының еркін биіне кезек берейік.

БИ: «Ана»

Билейтіндер: Ерәли, Айханым, Ернұр, Сырғалым, Жалғасхан, Айша, Ақжолым, Тұрғынбай

Жүргізуші:

Әжелерді ардақтап,

Қуанатын күн келді.

Мейрамымен құттықтап

Би Үнді биі. Билейтін : Ай-бибі

Жүргізуші:

Біздің әсем бақшамыз,

Ойыншықтарды аламыз

Билейміз, ән саламыз!

ХОР: «Дұрыс төккен маған»

Жүргізуші:

Аналар қалқып бакыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңда.

Осымен кешімізді аяқтайық,

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа- дей отырып бүгінгі **«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!»** атты ертеңгілігіміз аяқталды. Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз аман болсын! Құрметті аналар, әжелер, әріптестер сіздерді **«Еркетай»** тобының бүлдіршіндері шын жүректен құттықтайды. Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүрің деп балалардың сыйлықтарын қабыл алыңыздар.

Әже, аналарымыздың тілегі.

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз



Тәрбиешілер:
Ө.Хандеулетова
К.Исаева

№11 "Еркедай"
ортаңғы тобы

06.03.2024ж

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
С. Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А. Шуиншалиева

Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!

(8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне
арналған «Қыз сыны» байқауы)

№9 «Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиешілері: Г. Сейтова
К. Исаева

Наурыз, 2024 жыл

Зал іші мерекеге сай безендірілген. Әсем музыка ойналып тұрады.

Тақырыбы: «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз!».

Міндеті: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру. Балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту. Көпшілік алдында өзін - өзі ұстай білуге, әдептілікке, мейірімділікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті әріптестер, аяулы ата – аналар, көрікті қыздар. Көктемнің алғашқы 8 - наурыз мерекесі құтты болсын!

Өмірдің иесі сен ғана ғазиз ана,
Келтірген дүниеге нелер дана.
Анасыз батыр да, жоқ ақын да жоқ,
Өмірдің алтын кілті сонда ғана,-деп жырлағандай бүгінгі «Қарлығаш» тобының ару қыздары мен инабатты, ибалы аналары «Көрікті көктем аруы» қыз сыны сайысына қош келдіңіздер!

Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,
Тал бойына жарасқан күлкі әлемі.
Бір көріп таң қалдырмай сахнада,
Өмірде сақталсыншы бұл әдебі - деп ару қыздарымыз бен ибалы аналарымызды ортаға қошеметпен шақырайық. Қай топ бірінші бастау үшін ортадан жеребе алайық.

1 топ:

2 топ:

Жүргізуші:

Өнерпаздар өнерін салыстырып,
Бәйге үшін терлетер шабыстырып.
Әділдікті қолдайтын баға беріп,
Жібейік әділқазыларды таныстырып.

Жүргізуші: Әділқазы алқаларымен таныстырайық

1. _____

2. _____

3. _____

Сайыс 4 - бөлімнен тұрады.

1. Таныстыру (әнге қосып айтады)

2. Сән үлгісі (қыздарымыз көктем мезгіліне байланысты киінеді) кастарына аналары еріп шығады.

3. Өз өнері (аналарымыз тәттілерін, қолдарынан келетін өнерлерін ортаға салады)

4. Сұрақ-жауап. (Экраннан) Мақал-мәтел суретпен шығады. Соны суретке қарап мақал-мәтел екенін айтады.

Жүргізуші: Сайысымыздың алғашқы бөлімі «Таныстыруға» қатысушыларымыз дайын болғанша тобымыздың жігіттерінің биін тамашаланыздар.

БИ: «Джентельмен»

Билейтіндер: «Қарлығаш» тобының сері жігіттері

Өнер қуып арулар өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа түскен қыздар кезектесіп,

Өздерін таныстырып өтер дейміз, - ендеше ортаға қатысушыларымызды таныстыру кезеңімен ортаға шақырайық.

Жүргізуші: Ендігі кезекте қыздарымыз келесі кезеңге дайын болғанша ұлдарымыздың тапқатарына кезек берейік.

Тапқатар:

Бектас:

Бексұлтан:

Нұрислам:

Алинұр:

Расул:

Муслим:

Жүргізуші: Ендігі кезекте «Қыздарға әсемдік жарасады» сән үлгісі қошеметтеп отырайық.

Жарайсыздар ару қыздарымыз бен аналарымызға. Олай болса Қыздарымыздың аналарымен бірге өз өнердерін дайындап болғанша тобымыздың Сұлу қыздары Альфина мен Айлина қыздарымыздың әнін тамашалайық,

ӘН: «Анажаным, анашым»

3- «Өз өнері» екі топтағы қыздарымыздың биін тамашалап, аналарының қолдарынан жасаған бұйымдарын, тәттілерін тамашалайық.

Жарайсыздар аналарымыз бен қыздарымыздың өз өнерлері керемет өнерлеріңіз өрге жүзе берсін.

Олай болса келесі кезекке дайын боламын дегенше тобымыздың ұлдарының биін тамашалайық.

ХОР: «Ақ сүт берген»

Билейтіндер:

Тапқатар:

4- Бұл бөлімде экраннан суреттер шығады. Соған қарай мақал-мәтелдерді табу.

Жүргізуші:

Сұлулық табиғаттан басталады,

Көктеммен олар бірге шаттанады.

Бәйшешектей құлпырып, гүлдей жайнаған.

Сүйкімді қыздарымызды ортаға шақырамыз.

«Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» демекші бүгінгі сайысымызды таразылап әділ бағасын береді

Әділқазылар топ жеңімпазын есептеп болғанша тобымыздың ұл-қыздарының әніне кезек берейік.

ӘН: «Әжетайым»

Келесі сөзді әділқазылар алқасына береміз. Жеңімпаздарды марапаттау.

Би билеп ән мен күйде аяқталды

Уақытта біраз жерге таяп қалды

Көктеммен қоса келген

Ару қыздар, аналар мерекесі аяқталды.

Құттықтау сөз кезегін ата – аналарға ұсыну.



Бекітемін:

№11 «Балапан» бөбекжай- балабақша
менгерушісі С.Мухашова

Тексерілді:

№11 «Балапан» бөбекжай балабақша
әдіскері А.Шуиншалиева

«Аяулы әже,ардақты ана,ару қыз»

(Мерекелік іс шара)

Тобы: «Балауса»

Тәрбиеші: Ургенишбаева Г

Бақытжан Ә

Тақырыбы: «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз»

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу. Мерекелі көңіл-күй сыйлау.

Барысы:

Бұлт тұрады түнеріп, ренжіп. Күн келеді.

Күн: Бұлт, саған не болды? Тағы жаңбырынды төккін кеп тұрма, жаңбыр жауған әрине жақсы, жер ырысты болады, гүлдеріміз жайқалады. Бірақ бүгін балалар өз өнерлерін аналарын көрсетпекші. Оданда шуағымызды шашып, балалардың мерекесін бірге тойлайық.

Күн жүргізуші:


Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!
Кеш жарық, қымбатты ұстаз - аналар, арулар!

Бұлт жүргізуші:

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Күн жүргізуші:

Десек те уақытпенен жарыспайды,
Қияға қиялменен қарыштайды.
Балапандар шын жүректен тебіреніп
Өнерлерін анаға бағыштайды - дей келе _ ортаға Ұл қыздарымызды шақырайық.
«Мама» әнімен ұлдар гүл ұстап кіреді.



Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз



Тәрбиешілер:
Г. Сейтова
К. Исаева
07.03.2024ж



№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

Тексерілді
Балабақша әдіскері
А.Шушпалнева

ТАҚЫРЫБЫ:

«Аяулы әнже, ардақты ана, ару қыз!»

/8 – наурыз мерекесіне ұйымдастырылған интеллектуалды сайыс/

«Құлагер» ересек тобы

Тәрбиешілер: Баймаханова Г
Бердіжарова Л

2023-2024 оқу жылы

Т.Айзере: Бесіктерін әнімен,
Тербетуде аналар,
Жасай берсін сәнімен,
Жер бетінде аналар.

Әмина: Ардақта ана – аяулы ана қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай тіл қаттың.
Өміріме нәрін бердің ақ сүттің,
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.

• **Нұрай:** Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
• Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам!

Айбибі: Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған.
Үлкен- кіші демейді,
Сыйлайды оны бар адам.

Айсүгір: Ақ мамады әрқашан,
Сағынамын, сыйлаймын.
Мейрам сайын мен оған,
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

2-бөлім «Жұмбақ - ойдың қазығы»

1. Орманда оның тұрағы.
Тоқ – тоқ етіп тұрады. (Тоқылдақ)

2. Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар – қатар тепкіншек. (Домбыра)

• 3. Керек санды тересің,
Елге сәлем бересің. (Ұялы телефон)

• 4. Қабат – қабат қаттама,
Ақылың болса аттама (Кітап)

5. Үш көзді батыр,
Жолды андып жатыр (Бағдаршам)

6. Түрі – жылқы бейнесі,
Жолақ – жолақ жейдесі (Зебра)

7. Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды. (Кемпірқосақ)

8. Қардай аппақ,

3-бөлім «Кім біледі?»

Салт – дәстүрге байланысты 10 сұрақ қойылады, дұрыс жауапқа 5 ұпай.

1. Сүйінші дегеніміз не? Қуанышты хабар жеткізуші адам «Сүйінші» деп келеді. Мұндайда үй иесі «Қалағаныңды ал» дейді немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады.
2. Қонақасы. Халқымыздың ерекше қымбат дәстүрі – қонақжайлылық. Үйіне келген қонақты құрметпен қарсы алып, мал сойып, қонақасын беру – жомарттықтың белгісі.
3. Қол кесер. Соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға.
4. Сыбаға. Құрметті немесе өздерінің жақындарына арнап сақталған кәделі ет мүшелері.
5. Ерулік. Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратындар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады.
6. Енші. Балаларды ер жетіп, үй болғанда ата – анасы оған дүние – мүлік, мал беріп, жеке шығарады.
7. Бастанғы. Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналып, жолаушылардың жолдары болсын деген ниетпен бас қосып, ойын – сауық құрады.
8. Ұйқыашар. Бойжеткендердің өзі ұнатқан жігіттеріне арнап соғымның етін уызға салып пісірген тамағы.
9. Селт еткізер. Жігіттердің қыздарға арнаған сыйлықтары.
10. Отпен аластау себебі не? От киелі сондықтан, «алас, алас пәледен қалас!» деп отпен аластап, тазалайды.

«Шеше, сен бақыттысың». Оқитын: Оңдаш Әмина

4-бөлім «Әуенді тап»

Экраннан балалар түрлі – түсті шаршыларды таңдайды, жасырылған әуенді табады, дұрыс жауапқа – 5 ұпай.

1. «Тұлпарым»
2. «Әңгелек»
3. «Зообак»
4. «Біз - Отанның бөбегіміз»
5. «Күз келгенде»
6. «Біз бақытты баламыз»
7. «Әсем әуен»
8. «Құпия кітап»
9. «Қошақаным»

«Алулы ана» ұлдарымыздың аналарымен бii.

Айсұлтан: Еркелеткен біз үшін,
Еңбек еткен біз үшін,
Еркелеткен біздерді
Анамызға мың алғыс!

Азамат: Бізге қарап елжіреп,
Сүйсе беттен күнім деп,
Құшақ ашса келші деп,
Жүгіреміз күлімдеп.

Мұстафа: Ақ анашым, аппағым,
Өзін жайлы таппағым.

Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

Абдурахман: Мәпелеп мені өсірген,
Ризамын мен өзіңе.
Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады» демекші бүгінгі сайысымызды
таразылайтын әділқазылар алқасына сөз береміз.

Болмасын ешбір сөз өпке,

Өсері қалды жүректе

Қазылар берген бағалар,

Үштасып айтар тілекке! -дей отырып, осымен «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз»
интеллектуалды ойынымыз өз мәресіне жетті. Қатысқандарыңызға көп рақмет!

Мерекеліңіз құтты болсын! Келесі кездескенше сау болыңыздар!

«Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз» мерекелік іс – шара

№8 «Құлагер» ересек тобы

